

ҮМБЕТОВ Ә., ТАПАЛОВ Т.

LabVIEW ОРТАСЫНДА
ГРАФИКАЛЫҚ
ПРОГРАММАЛАУДЫҢ
НЕГІЗДЕРІ

АЛМАТЫ - 2009

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ МЕН
БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢГУСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТИ**

ҮМБЕТОВ Ә., ТАПАЛОВ Т

**LabVIEW ОРТАСЫНДА
ГРАФИКАЛЫҚ
ПРОГРАММАЛАУДЫН
НЕГІЗДЕРІ**

050702 «Басқару және автоматтандыру», 050708 «Мұнай мен газ іші»,
050720 «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы»,
050721 «Органикалық заттардың химиялық технологиясы»,
050724 «Техникалық машиналар мен жабдықтар»,
050718 «Электроэнергетика», 050729 «Күрьылыш»
мамандықтары бойынша дайындалатын студенттерге арналған

АНАХТАЛЫҚ

Шымкент -2009

ӘОЖ 004(075.8)

КБЖ 73я7

Y 59

Оку құралын М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың Әдістемелік кенесі баспаға ұсынды, хаттама № 4 «18» 02 2009ж.

Пікір жазғандар:

Айтелиев Е.С. – т.ғ.д, профессор

Сабырханов Д.С.- т.ғ.д, профессор

Y 59 Үмбетов Ә., Тапалов Т.

LabVIEW ортасында графикалық программалаудың негіздері: Оку құралы. - Шымкент.: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, 2009.- 120 б.

ISBN 9965-19-182-4

Оку құралында LabVIEW ортасында графикалық программалаудың негіздерінде ұсынылған. LabVIEW пайдаланып техникалық мамандықтардағы лабораториялық және ғылыми зерттеу жұмыстарында кеңінен колдануға болады.

Y 11404000000
00(05) – 09

ISBN 9965-19-182-4



© Үмбетов Ә., Тапалов Т., 2009

© М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті 2009 ж.

Мазмұны

Мазмұны	3
Кіріспе	4
I тарау. LabVIEW ортасындағы программалау принциптері	6
1.1. Tools полигратсы	9
1.2. Controls palette полигратсы	10
1.3. Functions палитрасы	13
1.3.1. Functions палитрасындағы сандық функция	22
1.3.2. Сандық функциялары Формула мен Масштабтау	27
1.4. Қосымша басқару элементтерін пайдалану	34
1.5. Подпрограмманы пайдалану	35
1.6. Циклды үйім дастыру	39
1.7. LabVIEW осциллографтар	40
1.8. Қатарды үйім дастыру	47
1.9. Массивтерді үйім дастыру	51
1.9.1. Массивтердің индекстерін автоматтандыру	55
1.10. Логикалық функциялар	62
1.11. Салыстыру функциялары	69
1.12. Түрлері әртүрлі сигналдарды алу	73
1.13. Блок диаграммадағы объектерді бір біріне косу	74
1.14. Сигналдарды түлеңдіру	75
1.15. Екі сигналды косу	79
1.16. Осциллограммның графигін бапттау	83
II тарау. Өлшеу құралын құрастыру	83
2.1. Блок-диаграммадағы езгертулер	84
2.2. Программаның істеу жылдамдығын езгерту	89
2.3. Мәліметтерді экранға шығару үшін кестені пайдалану	89
2.4. Сигналдарды талдау және сактау	91
2.4.1 Сезгіш элементтерден келіп түсетін сигналдарды талдау	97
2.5. Сигналды шудан тазарту	98
2.6. Сигналдың шектен шығуын сигналдау	99
2.7. Сигналдардың аралак мәндерін сактау	102
III тарау. Виртуальды кондырылармен LabVIEW ортасында жұмыс аткару	104
3.1. Екі координатты графиктер	107
IV тарау. Мәліметтерді жинау мен өлшеу құралдарын басқару	112
4.1. Мәліметтерді жинау жүйесі	112
4.2. Өлшеу құралдарының драйверлері	112
Әдебиеттер	114

Kіріс пе

Соңғы кездері технологиялық процестерді бақылау мен басқаруда визуальды программау әдістері жиі қолданатын болды. Мұның негізгі себебтері, ол программау мен басқару алгоритмдері өте қолайлы болғандыктан да болар.

Визуальды программау әдістерінің жалғасы, барлық программаларды «сызу» арқылы іс жүзіне асыратын графикалық программау болып табылады. Әсіресе, графикалық программауда көп мүмкіншілік беретін жүйе, ол SCADA-жүйесі (Supervisory Control And Data Acquisition – мәліметтерді жинау мен жүйелерді басқару). SCADA-жүйесінің графикалық және визуальды программау бағыттары, National Instruments фирмасының Lab Windows пен LabVIEW пакеттеріндегі жұмыстарында жалғасын тапты. Бұл жұмыста осы программаудың қысқаша сипаттамалары мен көптеген мысалдар көлтірілген.

Оку құралында National Instruments фирмасының құжаттарын орыс тіліне аударылған бірнеше авторлардың [1-8] еңбектері негізін құрады.

LabVIEW ортасында өлшеу құралдарын, мультиметрді, осциллографты, яғни физикалық құралдарды имитация жасайтын программаларды виртуальды өлшеу құралдары деп атайды.

LabVIEW ортасы болса, мәліметтерді талдауға, сактауға және оларды түзеуге керекті қуалдарға өте бай.

Мәліметтерді жинауда, оларды талдауда және басқаруда National Instruments фирмасының программалар тобы мен құралдарының негізгі принциптері дербес компьютерлерді метрологиялық сипаттамаларға сәйкес өлшеу құралдарының жиынтығын ұйымдастыру болып табылады.

LabVIEW жүйесінде өлшеу құралдарының жиынтығын жасау, технологиялық процестеді басқару мен бақылау үшін қолданылатын сезгіш элементтер мен басқару кодырғыларына дейінгі аралықты қамтиды.

Осы жүйенің программалар тобының пайда болуы және оны дұрыс пайдалана білу, объектегі процестердің

технолгиялық параметрлерінің өзгеру шамаларын және оны дер кезінде баскаруға мүмкіншілік туғызады. Бірнеше сезгіш элементтердің, аналогті – сандық өзгерткіштердің және керекті программалардың көмегімен, әртүрлі өлшеу құралдарын құрастыра отырып көптеген өлшеулерді ұйымдастыруға болады. Бұл виртуальды өлшеу құралдарының негізгі ерекшеліктері.

LabVIEW программалау график түрінде жүргізіледі. Бұрығы алгоритмдік тілдердегідей жазба түренде жазылмайды. Тек қана құрастыруышға процестерді басқару мен бақылау, параметрлерді өлшеу алгоритмдерін құрастырса болғаны.

LabVIEW программасының казіргі 8.6. вариантының мүмкіншіліктері еті жоғары.

LabVIEW ортасында құрастырылған кез-келген программа екі беліктен тұрады. Біріншісі оператордың интерфейсі орналасқан бет параптандырылған және график түріндегі программалар кодынан тұратын диаграммалар блөгінан тұрады.

LabVIEW программасын жазу, тұтынуышың интерфейсін, баскаша айтқанада бет парагын жасаудан басталады. Бұл бетте керекті басқару элементтері мен индикаторлар орналасады. Басқару элементтеріне енгізу элементтері, басқару пернелері және бағаналар жатады. Ал индикаторларға жарық диодтары, графиткөр мен баска да шығару элементтері кіреді. Осы тұтынуыш интерфейсін жасап болғаннан кейін, блок-диаграммасын жасауға кірісу керек. Ол үшін косымша виртуальды өлшеу қуралдары колданылады.

Сонымен қатар, LabVIEW программалау оргасы, мәліметтерді жинақтайтын қондырғылармен және GPIB, PXI, VXI, RS232, RS485 қондырғыларымен жалғасуды үйімдастыруға ете ыңғайлы екендігін көрсетті.

I таралу. LabVIEW ортасындағы программалау принциптері

LabVIEW программасының пайда болуы сөзгіш элементтердің, аналогты – сандық езгерктіштердің көмегімен және арнайы жазылған программалардың көмегімен кез келген технологиялық параметрлердің шамаларын, мәндерін өлшетін, сонымен катар, сол шамаларды өндейтін, әрі талдайтын құралдарды – виртуальды өлшеу құралдарын құрастыруға мүмкіншілік берді. Жеке компьютерлерді, қазіргі уақытқа лайық, лабораториялық кондырыларға айналдыруға болатындығы белгілі болды.

Сонымен катар LabVIEW ортасы программалау ортасы болғандыктан қосымшаларды құрастыруға болатындығы белгілі. Бұрынғы қарастырылып келген мәтіндік программаудан ерекше бір айырмашылығы ол мәліметтерді тасымалдау алгоритмдері графиктер түрінде қарастырылуы.

LabVIEW ортасында графикалдық программалау ғалымдар мен инженерлердің жұмыстарының өнімділігі мен сапасын артыра туследі.

Егер сіздің компьютеріңдің қосымша басқару және өлшеу құралдарымен жабдықталса, онда сіз толығымен технологиялық процестерді басқару мен бакылау үшін керекті құрал саймандарамен қамтамасыз етілгенсіз. LabVIEW көмегімен [1-8] тез арада виртуальды өлшеу құралдарын құрастыра аласыз. LabVIEW программалау ортасы берілген тапсырмаларды жедел шешуге арналғандықтан, арнайы подпрограммалар мен керекті элементтердің корынан тұрады. Сонымен катар LabVIEW мәліметтерді енгізу мен шығару үшін керекті виртуальды құралдардың (data acquisition - DAQ) арнайы топтарын да қамтиды.

Талдау жасау (Analysis) құралдарының функциялары болса, сигналдарды генерациялау, оларды өндеу, фильтрлердің міндеттін, терезенің рөлін, статистикалық өндеулерді, регрессиялық талдауларды, массивтерді өндеуді және сыйықтық алгебраның есептерін орындауға зор ықпалын тигізеді.

LabVIEW пайдаланудың нәтижесінде көрткінды


мәліметтерді кез келген формада, мысалыға, диаграмма, әртүрлі графиктер түрінде шығаруға мүмкіншілік бар.

Жоғарыда айтылғандай, LabVIEW National Instruments фирмасының программасы. LabVIEW программасын пайдаланып, осы ортада объектерді басқару мен бақылау программаларын түзеген кезде, мәліметтер, сигналдар бір элементтен екінші элементке, бір түйіннен екінші түйінге, бір кубтан екінші кубқа арналы тәртіппен жеткізіледі. Яғни, LabVIEW негізгі максаты мәліметтерді элементтер арасында тасымалдау. Әрбір түйін, әрбір элемент – ол виртуальды құрал (VI- Virtual Instruments).

Әрбір VI (виртуальды құрал) өзіне келіп түсken сигналдарды талдаپ, өндеп шығу тетігіне жеткізеді. Осы виртуальды құралдарды белгілі бір кезекпен солдан онға қарай орналастырып, кіру мен шығу нүктелерін дұрыс косып, келіп түсken мәліметтерді өнддеуге болады.

LabVIEW программасының жұмысы диалогты терезеден басталады. Жұмысты бастау үшін негізгі мақсатты айқындаң алған жөн. Бұрынғы программамен, не болмаса жана программа құрастыру керектігін білгенмен кейін, программалау басталады.


Бізге керегі жана программа түзу қажет. Сондыктан 1.1.сүреттегі Getting Started терезесінің Blank VI пернесін басыңыз.



1.1.сүрөт. Getting Started төрөлжүү

LabVIEW екі терезені дайындаиды. Біріншісі бет панелінде терезесі. Бұл бірінші панельде басқару құралдары мен

индикаторлар орналаскан. Екінші диаграмма панельінде программалардың алгоритмдері орналасады.



1.2.сурет. Бірінші панель-Front Panel терезесі


Бірінші панель-Front Panel терезесіндегі (1.2.сурет) менюдің құрамы төмендегідей:

- **File** менюінде, файлдарды сақтайтын, аштын, т.б., операциялардың жиынтығыларынан тұрады;
- **Edit** менюінде, LabVIEW құрамындағы файлдарды іздейтін, өзгертетін элементтерден тұрады;
- **Operate** менюінде, VI (виртуальды құралдар) жұмысын басқаратын элементтерден тұрады;
- **Tools** менюінде, VI мен жана жобаларды және LabVIEW баптайтын элементтерден тұрады;
- **Browse** менюінде, VI сипаттамаларын талдайтын элементтерден тұрады;
- **Window** менюінде, палиграclar мен терезелерді баптайтын элементтер мен қателер тізімі терезесіне кіруге мүмкіншілік береді;
- **Help** менюінде, LabVIEW мүмкіншіліктерін түсіндіретін элементтерден тұрады.

LabVIEW Front Panel терезесі мен Block Diagram терезесінен және, уш құралдар политрасынан тұрады.

Tools (құралдар палиграсы), Controls palette (элементтерді көрсететін және басқаратын политра), Functions (функциялар политрасы) политралары. Бұлардың барлығы керекті кезде пайдаланады. Осы панельдер мен политраларды қолдана отырып,

виртуальды инструментерді (*VI- Virtual Instruments*) (бұдан бұлай оны - өлшеу құралдары-ӨҚ деп те атайды) программалап оларды пайдалануға көмектеседі.



1.3.сүрет. Екінші панель Block Diagram төртесі

1.1. Tools политрасы

Tools (құралдар палитрасы) политрасы ӨК баптауға керекті қуралдардан тұрады. **Tools** (құралдар палитрасы) политрасы негізгі менюдегі View » Tools Palette арқылы шакыруға болады.

Tools полиграсының үстінде тұрып, тышқаның сол пернесін басқанда, курсорды керекті құралға түрлендіруге болады.

5 Tools (құралдар палиграсы) политрасы төмөндегі 1.4.суретте көлтірілген.



1.4.сүрет. Tools (құралдар палитрасы) палитрасы

Tools (құралдар палитрасы) политрасындағы элементтердің аткаратын міндеттері:



- **Operating Tool** – объектерді басқару үшін;



- **Position Tool** – объектерді бір орыннан екінші орынға жылжытады, оның өлшемдерін өзгертеді;



- **Labeling Tool** – тексті ендірге қолданады;



- **Wiring Tool** – объекттер арасындағы байланысты орналастырады;



- **Object Shortcut Menu Tool** – тышканның он пернесін басып, менюді шақыруға қолданады;



- **Scroll Tool** – терезедегі объектерді жылжытуға қолданады;



- **Breakpoint Tool** – программаның жұмысын тоқтатады және белгі көяды;



- **Probe Tool** – программаның қателерін іздестіруге қолданады, керекті жерге койып, оның жұмысын тексереді;



- **Color Copy Tool** – курсорды әкеліп, тышканның сол пернесін шертпіп, полиграфа керекті түсті көшіруге мүмкіншілік береді;



- **Color Tool** – объектің түсі мен фонының орнатуға көмектеседі.

Егер автоматты түрде құралдарды тандау тәртібі қосылған болса (көк лампасы жанып тұрады), онда тышканның курсорын керекті объектерге жақыннатқан кезде автоматты тандау тәртібі қосылып, керекті құрал жұмысқа кіріседі. Бұл тәртіппі тоқтату үшін, Shift-Tab пернесін басса болғаны. Автоматты тәртіп тоқтатылынса, керекті құралдарды тандау тышканның курсорын керекті құралдың үстіне әкеліп, оның пернесін басу көрек.


1.2. Controls palette політрасы

Front Panel терезесінде басқару (*controls*) мен

индикаторлар (*indicators*) элементтері орналасқан. Басқару элементтерінің көмегімен мәліметтерді енгізіп, оларды блок-диаграммадағы виртуальды құралдарға жеткізеді.

Программалардың орындалу нәтижелері индикаторларда көрсетіледі.

Басқару элементтері мен индикаторларды, тапсырмаларға сәйкес, **Controls** политрасынан, сонаң соң подполитралардан таңдаң алынып, **Front Panel** терезесіне орналастырылады. Осы басқару құралдарының барлығы арнайы **Controls** политрасында сакталады. Оны басқару құралдарының *политрасы* деп те атайды. Біз де бұдан бұлай ол панельді **Controls palette** политрасы деп атайды.




1.5.сурет. **Controls** политралары


Controls политрасын жұмысқа косу үшін бет панель **Front Panel** терезесінің кез-келген бос жерінде тышқанның курсорын қойып, оның оң пернесін бір рет бассаңыз болғаны. **Controls** политрасымен коса Express (1.5.сурет), Classic, System, Modern подполитралары көрінеді.

Modern подполитрасындағы элементтерді төмендегі суреттерден байқауға болады.

Мысалы, **Controls** » **Modern** » **Numeric** (1.6.сурет, а) және **Controls** » **Modern** » **Boolean** (1.6.сурет, б) алгоритмдерінің көмегімен керекті объектерді **Front Panel** терезесіне шығарып, орналастыруға мүмкіншілік бар.




Сондай-ақ, оның оң жағындағы 'Configure' (Конфигурация) мен 'Edit' (Редактирование) панельдерінде оның параметрлерінің табиғатын зерттеуде көрсетіледі.



а)

б)


1.6.сүрет. а)- Numeric элементтері; б)- Boolean – элементтері



а)

б)

1.7.сүрет. а)-Array, Matrix & Cluster элементтері; б) – String & Path –элементтері



а)

б)

1.8.сүрет. а)- List & Table элементтері; б)- Graph элементтері

Сонымен жоғарыдағы сүреттерде көлтірілген элементтердің

көмегімен **Front Panel** терезесіне басқару элементтері мен индикаторларды орналастыруға болады. Сол элементтердің атқаратын қызметтері туралы төменде кысқаша сипаттамалар келтірілді. Олар төмендегідей:


- **Numeric** – басқару элементтері мен сандық индикаторлар;
- **Boolean** – булевалық индикаторлар мен басқару элементтері;
- **String & Path** – қатарлық индикаторлар мен басқару элементтері;
- **Array, Matrix & Cluster** - әртүрлі кластрлік мәліметтер мен массивтік индикаторлар мен басқару элементтері;
- **Graph** – графіктердің түрлерін шығару индикаторы;
- **List & Table** – кесте мен тізбектердің индикаторлары мен басқару элементтері;
- **Ring & Enum** – меню құруға керекті индикаторлар мен басқару элементтері;
- **Refnum** – қосымшаның сипаттамаларын басқару;
- **I/O** – графикалық объектілер;
- **Decorations** – графикалық элементтерді дайындау;
- **Dialog Controls** – диалогты объекттер.

1.3. Functions палитрасы

Объекте жүріп жатқан әртүрлі технологиялық процестердің жұмыстарын басқару мен бақылауды **LabVIEW** пайдаланып жүргізу үшін, оның алгоритмін екінші панель-**Block Diagram** терезесінде тұрып, **Functions** политрасының көмегімен құрастырылады.

Block Diagram панельі - терезесі ашық болған жағдайдаған **Functions** политрасымен жұмыс істеуге мүмкіншілік бар.


Block Diagram панельінде - терезесінде тұрып (1.9.сурет), тышканың он пернесін бассаңыз, **Functions** политрасы мен қоса **Express** подполитрасы шығыды.



1.9.сурет. Functions полигралары

Мисалы №1. Олиеу құралын құрастыруға арналған атқашқы мысал ретінде екі санды қосып, қосындыны индикаторға шығару керек болсын дейік.


X1 саны мен X2 санын қосу үшін **Front Panel** панельінің бетінде тұрып, тышқанның он пернесін бір басыңыз да келесі алгоритммен жұмыс істеніз: **Controls » Express» Numeric Controls » Num Ctrl** (1.10.сурет).



1.10.сурет


Num Ctrl подпалитрасындағы құралды алып, диалогты **Front Panel** панельінің бетінде шығарыңыз. Ол үшін **Num Ctrl** құралының үстінде тұрып, тышқанның сол пернесін басып, панельге шығаруыңызға болады. Бұл өзгеретін санды –X1 деп белгілейік. Екінші X2 да санын тұра осы жолмен панельге шығарыңыз. У мәнін шығарып көрсете үшін индикаторды пайдаланамыз.

Ол үшін төмендегідей алгоритмді қолданыңыз: **Front Panel** панельінің бетінде тұрып, тышқанның он пернесін бір басыңыз да келесі алгоритммен жұмыс істеніз: **Controls » Express» Numeric Indicators » Num Inds** (1.11.сурет).



1.11.сурет

Енді мақсат осы өлшеу құралдарын бір-біріне «катушканың» көмегімен қосу керек. Мұны атқару үшін **Block Diagram** панельіне (1.12.сурет) етеміз.




1.12.сурет

Block Diagram панельіне өткеннен кейін (1.13.сурет), келесі алгоритммен **Functions** »**Arithmetic & Comparison** » **Numeric** » **Express Numeric** » **Add** жұмыс істеп, **Add** құралын **Block Diagram** панельінде бетіне шығарыңыз. Құралдардың барлығын **Block Diagram** панельінде бетіне жинастырыңыз. Енді **Tools** (құралдар палитрасы) полиграсындағы «катушканың» үстінде курсорды қойып, тышканың он пернесін басыңыз да «катушканың» көмегімен 1.13.суретте көрсетілінгендай етіп бір-біріне қосыңыз.



1.13.сурет

Екі санды $X1$ мен $X2$ қосып, Y шамасын анықтау үшін **Front Panel** панельіне көшкен дұрыс (1.14.сурет).



1.14.сурет

$X1$ мен $X2$ сандарын қосу үшін 1.14.суретте




көрсетілінгендей **Басу керек** пернесін басу керек.
Қосынды Y шамасы индикаторда көрсетілінген.

LabVIEW ортасында программаларды жазып, соның көмегімен технологиялық процестерді бакылау мен басқару үшін екі негізгі деген **Front Panel** панельі (терезесі) мен **Block Diagram** панельі (терезесі) колданылатыны белгілі болды. Сондыктан да осы екі терезенің атқаратын функциялары туралы аппараттарды кеңінен қарастыра кеткенді жөн көрдік.

Block Diagram панельіндегі **Functions** палитрасына шолу жасай кетейік.

басынды за көзде алғашқынан жарыс жүндей Control & Express-Numeric Indicators > Num Inv (1.11.сурет).



1.15.сурет. **Block Diagram** панельіндегі **Functions** палитрасы

IV Бұл палитра, 1.15.суреттерде, көрсетілінгендей **Functions** палитрасы, негізгі деген онға жуық подпалитрадан тұратындығы белгілі. Олар төмендегідей:

- **Programming**- VI – программасын құрастыруда жіңіздердің қолданады;
- **Measurement I/O** – арнайы қондырылыштар;
- **Instrument I/O** – сыртқы қондырылыштарды компьютермен қосуға арналған;
- **Vision and Motion**;
- **Mathematics** – математикалық есептеулерге керекті функциялар;
- **Signal Processing** – сигналдарды шығаратын және оны өндертін VI;
- **Data Communication** – мәліметтерді тасымалдайтын, өндертін және қабылдайтын;
- **Connectivity** – динамикалық түрінде құрастырылатын кор (жинақхана) программасына (DLL) қосылу;
- **Control Design & Simulation**;
- **Express** – құрамында Express VI бар топ, подпалитра.

Block Diagram терезесіндегі **Functions** палитрасын ашқан кезде, **Express VI**, стандартты LabVIEW функцияларын орындаітын подпрограммалардан тұратындығы байқалады.


Ендігі мақсаттардың бірі осы **Express** класының VI тобына шолу жасап етейік.

Bірінші топқа Input подпалитрасы – жатады (1.16.сурет)

«Болашақ» Университеті

KITAPXANA

Инв: № 26010




1.16.сурет. Express політрасының Input подпалитрасы

Бұл топты, яғни подпалитраны төмендегі Express VI күрайды:

- *Instrument I/O Assistant* - өлшеу құралдарын басқару және есептей компьютерлерінә қосуға қолданады;
- *Simulate Signal* – белгілі амплитудасы, түрі, жиілігі бар сигналдарды имитациялады;
- *Simulate Arbitrary Signal* – тұтынуышының ұсынысы бойынша, берілген нұктелер арқылы сигнал құрайды;
- *Acquire Sound* – дыбыс шыгаратын қондырғыдан мәліметтерді қабылдайды;
- *Read From Measurement File* – жүргізілген тәжірибе туралы сакталынған, арнағы файлдардан мәліметтерді және тәжірибелердің нәтижелерін оқиды;
- *Prompt User for Input* – тұтынуышыға кез – келген мәліметтерді енгізуі ұсынады;
- *File Dialog* – берілген адрес бойынша жана файл, не болмаса, қолданылып отырған файлды таңдауға қолданады.

Екінші топқа *Signal Analysis* (сигналдарды өңдеу) подпалитрасы (1.14.сурет) жатады:

- *Spectral Measurements* – сигналдың қуатын, не болмаса, оның амплитудалық спектрді есептейді;
- *Distortion Measurements* - сигналдың ауытқу шамасын есептейді;
- *Tone Measurements* – ең үлкен амплитудасы бар бірден – бір гармоникалық тербелісті анықтайды;
- *Dual Channel Spectral Measurements* – екі сигналға спектралды талдау жасайды;



1.17.сурет. Express полиграфасының Signal Analysis подпалитрасы

- *Amplitude and Level Measurements* - сигналдың максимум мен минимум шамаларын және сигналдың тұрақты мен айнымалы құрамын есептейді;
- *Timing and Transition Measurements* - импульсті сигналдардың уақытқа тәуелді (жиіліктерін, периодын, импульстің ұзақтығын) және өтпелі параметрлерінің (импульстің алдыңғы фронтындағы сыртқа шығаруы, импульстің соңғы фронтындағы сыртқа шығаруы, есу жылдамдығы) мәндерін есептейді;
- *Curve Fitting* – алдан ала таңдалынып алынған модельге сәйкес сигналдарды тегістейді (сызықтық апроксимация, кисық сызықтық апроксимация т.б.,)
- *Filter* – фильтрлердің функцияларын пайдаланып, сигналдарды өндейді. КИХ пен БИХ – сандық фильтрлер колданылады;
- *Statistics* - Express VI көмегімен сигналдардың статистикалық параметрлерін, атап айтқанда олардың максимум мен минимум мәндері мен эксцесс пен асимметрия шамаларын аныктайды;
- *Convolution and Correlation* – сигналдарды ықшамдайды (*Convolution*), не болмаса, деконволюциялайды (*Deconvolution*) және өз ара коррееляциялау функцияларын есептейді;
- *Mask and Limit Testing* – сигналдың амплитудасының берілген жоғарғы мен төменгі шектерге сәйкес келетіндігін

тексереді. Жоғарғы мен төменгі шектердің мәндері әртүрлі болып келуі мүмкін;

- **Create Histogram** – кіретін сигналдардың белгілі ара қашыктықтары мен шекті мәндеріне сәйкес оның гистограммасын тұрғызады.

Үшінші топқа Output (шығару) жатады. Бұл топқа келесі Express VI кіреді:

- **Instrument I/O Assistant; Build Text** – жоғарыда қарастырылған;
- **Display Message To User**- керекті шарттарға байланысты хабарлар шығарылады;
- **Play Waveform** – дыбыс шығаратын қондырғыға сигналды жеткізеді;

Write To Measurement File – өлшеңетін мәліметтердің нәтижелерін .Jvm, не болмаса, .tdm түрінде *Read From Measurement File* көмегімен оқи алатын файлдарға жазады;

- **Report** - басқа VI қайтарылған файлдарды қағаз бетіне шығарады және html, pdf файлдарын құрастырады. Сонымен катар автор туралы мәліметтер мен параптың санын және құрылған күнін көрсетеді;

- **DIA- dem Report** - html, pdf файлдар түрінде есептерді құрастырумен катар мәліметтерді талдайды;

Төртінші топ - Signal Manipulation. Төртінші топтың VI, яғни, ӨК қарастырмай турып, келесі бұрын қарастырылған ӨК еске түсіре кеткен жөн болар. Олар *Merge Signals* пен *Split Signals* ӨК. Біріншісінің көмегімен бірнеше сигналдарды қосуға болатын болса, екіншісінің көмегімен сигналды бастапқы сигналдарға боледі.

Express VI өлшеу құралдарының функционалдық мүмкіншіліктерін қарастырайық. Олар төмендегідей:

- **Select Signals** – диалогты терезенің көмегімен кіру нүктесіне келіп түскен сигналдар ағынынан керкіті, пайдалы сигналды тандауға мүмкіншілік береді;
- **Align and Resample** - сигналдардың жіберу уақыттарын теңестіреді;
- **Collector** - Waveform Graph сигналдың берілген нүктелерінің мәндерін шығарады. Сонымен катар N соңғы

нүктелері шығарылады;

- **Sample Compression** – кіру сигналының іріктеу санын, берілген шекке сай азайтады;

- **Trigger and Gate** – көрсетілген шартқа сай сигналдың бөлігін айырады;

- **Relay** – кіліттің релеін аткарады. Кіліттің шығу нүктесіндегі сигналдың шамасы, оның тұйықталынған күйінде, кіру сигналдың шамасына тән де тұйықталынбаған күйінде екі жағдайдың болуы мүмкін: шығу нүктесінде нөлдік сигнал, не болмаса, мәліметтер жок;

- **Append Signals** - бір сигналдың соңын екінші бір сигналдың басымен жалғастырады;

- **Repack Values** - кіру сигналдарын керекті өлшемдермен бөледі;

- **Extract Portion of Signal** - берілген аралыққа, шекке байланысты, сигналдың керекті бөлігін кеседі;

- **Delay Values** – циклдің бірнеше операциялары орындалғаннан кейін, мәліметтерді сактап және оны керекті ОК шығарады;

- **Convert from Dynamic Data** – динамикалық мәліметтерді оның басқа түрлеріне, мысалыға, массивке, санға т.б., түрлендіреді;

- **Convert to Dynamic Data** - алдыңғы ОК қарама -кары мәліметтерге түрлендіреді.

Бесінші топ- Execution Control (орындауды бақылау). Бұл топқа Express VI құралдарынан басқа, бүрын қарастырылған While Loop, Flat Sequence Structure және Case Structure ОК да кіреді.

Осы топқа кіретін екі ОК қарастырамыз

- **TimeDelay** – программа жұмысқа қосылған кезде уақытша тежеу жасайды;

- **Elapsed Time** – берілген уақыт аралығы шегіне жеткенде уақыт есептеуін көрсетеді.

Алтыншы топ - Arithmetic & Comparison (есептеу мен салыстыру) Express VI.

Осы топқа кіретін өлшеу құралдары төмендегідей:

- **Formula** – кіру сигналдарына математикалық өндөулер


жүргізеді;

- **Convert to Dynamic Data. Scaling & Mapping** – кіру сигналдарының шектерін және масштабтаудың нәтижесінде олардың бейнелеу сипаттамаларын өзгертерді;
- **Time Domain Math** – сигналдармен математикалық өндөулер операциясын жүргізеді.

1.3.1. Functions палитрасындағы сандық функция

Сандық функциялар арифметикалық, тригонометриялық (Trigonometric), логорифмдік (Logarithmic), сонымен катар сандық мәліметтермен комплекстік (Complex) операциялар және сандық мәліметтерді түрлендірулер (Conversion) жүргізуге қолданылады.

Осы подполиграфалардың негізгілерінің қарастырайық. Ол үшін келесі алгоритмді Programming »Numeric » Conversion пайдаланып, Programming подпалитрасындағы Numeric функцияларымен, яғни, терминалдарының (1.18.сурет) жұмыстарымен танысадайык.



1.18.сурет

Ол үшін Conversion подпалитрасын өз алдына бөлек шығарып, ондағы терминалдардың түрлері 1.18.суретте көлтірілген.

літі Олардың функциялары төмендегідей:

- **EXT** - жылжымалы үтірлі кеңейтілінген дәлдікті басқару элементі мен индикатор;



- **EXT** - жылжымалы үтірлі екі дәлдікті сандық басқару элементі;



- **EXT** - жылжымалы үтірлі екі дәлдікті сандық индикатор;


- **ISGL** - жылжымалы үтірлі бір дәлдікті басқару элементі мен индикатор;

- **ISGL** - сегіз байтты таңбалы сандық басқару элементі мен индикатор;

- **I164** - төрт байтты таңбалы сандық басқару элементі мен индикатор;

- **I164** - екі байтты таңбалы сандық басқару элементі мен индикатор;

- **I164** - сегіз байтты таңбасыз сандық басқару элементі мен индикатор т.б.




1.19.сурет

1.19.суретте курсорды басқару элементтері мен индикатордың үстіне әкеліп, тышканың оң пернесін басу арқылы олардың контексттік менюін көргө болады.

Мәліметтерді көрсету түрлері 1.20. суретте келтірілген. Ол

үшін контекстік менюдегі **Representation** (түрлері) шергіп, олшеу дәлдіктерінің түрлері аныкталынады.



1.20 сурет

Олшеу дәлдіктерінің түрлерінің сипаттамалары төменде келтірілді:

- - өте жоғары дәлдік;
- - екілік дәлдік;
- - 32 биттік;
- - таңбалы 64 биттік бүтін сандық;
- - таңбасыз 64 биттік бүтін сандық;
- - комплекті өте жоғары дәлдік;
- - комплекті екілік дәлдік;




Сандық функцияларды пайдаланып, арифметикалық амалдарды орындауға бір мысалының көлтірелген

- 32 битті комплексті.

Сандық функцияларды пайдаланып, арифметикалық амалдарды орындауға бір мысалының көлтірелген.

№1 мысалы. Тапсырма: А-саны мен В – санын қосудың LabVIEW ортасындағы программасын кұрастыру.

1.21. суретте **Block Diagram** (1.21.сурет,а) және **Front Panel** (1.18.сурет,б) терезелеріндегі А-саны мен В – санын қосудың LabVIEW ортасындағы программаларының көрінісі көлтірілген.



а)

б)

1.21.сурет

1.21.суретте көлтірілген мысалдың негізгі мақсаты «А-саны» мен «В – санының» басқару элементтеріне, ал «Кортынды» индикаторға жататындығын көрсету.


Жоғарыда көрсетіліген А –саны мен В- санын қосу операциясы сиякты баска да арифметикалық операцияларды іс жүзіне асыруға болады.

Тригонометриялық функцияларды пайдаланып, келесі операцияларға мысалдар көлтірейік.

№ 2 мысалы. Тапсырма: X –санының $\sin(X)$ пен $\cos(X)$ функцияларының шамаларын анықтаудың LabVIEW ортасындағы программасын кұрастыру.


Ол үшін келесі алгоритмді пайдаланыңыз: **Functions » Mathematics » Elementary & Special Functions » Trigonometric Functions**. Осы алгоритмнің көмегімен 1.22.суретте көлтірілген

тригонометриялық функцияларды анықтап аламыз.



1.22.сурет

1.23.суретте **Block Diagram** (1.23.сурет,б) және **Front Panel** (1.23.сурет,а) терезелеріндегі X -санының $\sin(X)$ пен $\cos(X)$ функцияларының LabVIEW ортасындағы программаларының көрінісі келтірілген.




1.23.сурет

Калған тригонометриялық функцияларды пайдаланып, осы алгоритммен, LabVIEW ортасында программаларды құрастыруға болады.

№ 3 мысалы. Тапсырма: $e, 10, 2$ сандарын x дәрежесіне шығарып және X санын у дәрежесіне шығарып есептейтін функцияларды анықтаудың LabVIEW ортасындағы программаларын құрастыру.

Ол үшін тағы да келесі алгоритмді пайдаланамыз: **Functions** » **Mathematics** » **Elementary & Special Functions** » **Trigonometric Functions**.



a)

б)

1.24.сурет.

1.24.суретте **Block Diagram** (1.24.сурет,б) және **Front Panel** (1.24.сурет,а) терезелерінде $e, 10, 2$ сандарын x дәрежесіне шығарып және X санын у дәрежесіне шығарып, есептейтін функцияларды анықтаудың LabVIEW ортасындағы программаларының көрінісі көлтірілген.


1.3.2. Сандық функциядығы Формула мен Масштабтау

Сандық функция катарына **Формула** (Formula), **Масштабтау мен бейнелеу** (Scaling and Mapping) және уақытқа сай **Математикалық өндөрүлөр** (Time Domain Math) өлшеу құралдары кіреді.

Формула (Formula) ӨК өлшеу құралына келіп түсетін сигналдарды математикалық түргыдан өндейді. Сонымен катар

ӨК кіретін және шығатын сигналдардың түрі динамикалық сигналдар катарына жатады. Өлшеу құралына (Formula) динамикалық сигналдардан басқа сигналдар келіп түсетін болса, олар алдын ала динамикалық түрге (Convert to Dynamic Data) езгертіледі және мұндай езгертулерді осы ӨК өзі де іс жүзіне асыра алады.

Өлшеу құралынан шығатын сигналды, қайтадан бастақы түріне ауыстыру қажет болған жағдайда (Convert from Dynamic Data) кері езгерту мүмкіншілігін пайдалану қажет.



1.25.сурет.

Осы езгертулерді жүргізу үшін (1.25.сурет) келесі алгоритмді пайдаланғаныңғайты:

- Functions » Express » Signal Manipulation » Convert to Dynamic Data.

Мұндағы:




- To DDT - сигналды динамикалық сигналға түрлендіруге керекті құрал;

- From DDT - сигналды динамикалық түрінен сандық сигналға түрлендіретін құрал.

Сандық функция қатарына жататын Формула (Formula) ӨК қарастырудағы негізгі мақсатымыз осы ӨК көмегімен сигналдарға математикалық өндөулерді пайдалану.

Формула (Formula) ӨК Block Diagram (1.26.сурет) терезесіне шығару үшін, Functions » Express » Arithmetic & Comparison » Formula алгоритмін пайдаланып, ӨК терезе бетіне орналастырыңыз.




1.26.сурет.

Формула (Formula) ӨК Block Diagram (1.27.сурет,б) терезесіне орналастырылғаннан кейін, осы ӨК кіретін сигналдарды анықтап алайық. Олар келесі сигналдар тобы:

- Signal 1 - массив;
- Signal 2;
- Signal 3.

Тапсырма: өлшеу құралына кіретін сигналдар тобын келесі формуламен түрлендіріңіз:


$$\text{Sqr}(\text{Signal1} * \text{Signal2} + \text{Signal3}).$$



a) б)

1.27.сурет.

1.27.суретте Формула (Formula) ӨК пайдаланып, оған кіретін үш сигналды берілген математикалық (1.28.сурет) өрнектің көмегімен түрлендірдік. Сонымен қатар осы суреттерден Front Panel (1.27.сурет,а) және Block Diagram (1.27.сурет,б) терезелеріндегі LabVIEW ортасындағы программалармен танысуға болады.



1.28.сурет. Configure Formula.

Масштабтау мен бейнелеу (Scaling and Mapping) ӨК езіне кіретін сигналдарға масштабтауды және түрлендірудің түрін таңдал көлданудың нәтижесінде олардың шегі мен бейнелеу сипаттамаларын өзгертеді.

Бұл құралдың төмендергідей мүмкіншіліктері бар:

- Нормалау (Normalize) – мәліметтердің максимумы Жоғарғы шынына (Highest peak), минимумы – Төмегі шынына


(Lowest peak) сәйкес болатындағы етіп түрлендірге керекті масштаб пен ығысуды анықтайды;

- Сызықтық (Linear ($Y=mX+b$)) - мәндерге сызықтық түрлендіруді белгілейді;

- Логорифмдік (Logarithmic) – кіру шамаларына логорифмдік түрлендірулерді белгілейді;

- Интерполяциялық (Interpolated) – масштабтық параметрлерді алу үшін, кестелік мәндерге негізделінген, сызықтық интерполяцияланатын бағананы (шкаланы) анықтайды. Диалогты терезесіндегі Define Table (Кестені анықтау) пернесін шертіп, Define Signal (Сигналды таңдау) комегімен шамалардың кестесі беріледі.


1.29 суретте Block Diagram (1.29.сурет,а) және Front Panel (1.25.сурет,б) терезелерінде Масштабтау мен бейнелеу (Scaling and Mapping) ӨК өзіне кіретін сигналдарға мәліметтердің максимумы Жоғарғы шынына (Highest peak), минимумы – Төмегі шынына (Lowest peak) сәйкес болатындағы етіп түрлендірге керекті масштаб пен ығысуды анықтауға арналған LabVIEW ортасындағы программаларының көрінісі келтірілген.



1.29.сурет

Block Diagram (1.29.сурет) терезесіндегі Scaling and Mapping ӨК үстінен тышканың курсорын әкеліп, сол пернесін екі рет шертсөніз, 1.30.суреттегі Configure Scaling and Mapping подполитрасы шығады. Оның подменюіндегі Normalize – Нормалай нұктесін шертіп, мәліметтердің максимумы Жоғарғы шыны (Highest peak)-30, минимумы – Төмегі шынының (Lowest

peak) -4, мәндерін енгіземіз.




1.30.сурет.

Осы берілген мәндерге сәйкес түрлендіруді **Front Panel** (1.29.сурет,б) терезесінде көрсетілінген.

Scaling and Mapping ӨК Сызықтық (Linear ($Y=mX+b$)), Логорифмдік (Logarithmic) және Интерполяциялық (Interpolated) мүмкіншілктерін пайдалану үшін жоғарыдағы Нормалдау түрлендіруіндегі колданылған алгоритмді пайдаланыныз.

Олшеу құралының Интерполяциялық (Interpolated) мүмкіншілігіне тиісті диалогты терезесіндегі **Define Table** (Кестені анықтау) пернесін шертпі, **Define Signal** (Сигналды тандау) көмегімен (1.31.сурет) масштабтық параметр анықталынады.



a)


б)

1.31.сурет

Математикалық өңдеулер (Time Domain Math) ӨК пайдаланып уақыттың өзгеруіне сәйкес кіру сигналдарды өңдеу үшін келесі алгоритмді ұсынамыз:


- **Functions » Express » Arithmetic & Comparison » Time Domain Math.**

Осы алгоритмді пайдаланып, Time Domain Math ӨК Block Diagram (1.32.сурет) терезесінің бетіне орналастырыныз.



1.32.сурет


Басқару массиві мен индикатор – массивтерді Front Panel (1.33.сурет,а) мен Block Diagram (1.33.сурет,б) терезелеріне орналастырганан кейін, программаны жұмысқа коссаныз, басқару массивін, яғни, кіру сигналын динамикалық түрге (To DDT-көмегімен) түрлендіріліп, ӨК көмегімен сигналдың туындысы аныкталынады.



1.33.сурет

Өлшеу құралынан (Time Domain Math) шығатын шығу сигналын, сол динамикалық түріне (Waveform Graph) және


басталқы түріне (From DDT-көмегімен) түрләндіріліп, массив - индикаторға шыгарылады.



1.34.сурет. Time Domain Math ӨК диалогтық терезесі

1.4.Қосымша басқару элементтерін пайдалану

Басқару панеліндегі элементтердің (1.35.сурет) көмегімен физикалық өлшеу құралдарының енгізу тетіктерін модельдейді және блок-диаграммадағы ӨК мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыда келпірілген №1 мысалдағы $X1$ мен $X2$ сандарын айналатын тұтқалардың көмегімен де өзгертіп енгізуге болады.




1.35.сурет

жеке параметрлер (Parameter) мен (Mathcad Block) жеке

Айналатын қол тұтқаларының көмегімен басқарылатын элементтерді енгізу үшін төмендегі алгоритмді орындаңыз:

Controls » Express» Numeric Controls » Knob (1.35.сурет)

Numeric Controls политрасындағы **Knob** айналатын тұтқаны шертіл алып, тұтынушылардың панеліне (**Front Panel**) орналастру керек. Осы пернелердің көмегімен X_1 мен X_2 сандарының шамаларын (1.36.сурет) өзгертеміз.




1.36.сурет

Менюден **File » Save As** (Файл » қалай сактау керек) ӨК керекті атпен сактаңыз, мысалыға, TAU.vi .

1.5. Подпрограмманы пайдалану

1.36 суреттегі екі санның косындысын анықтау программасын жиі қолданатын жағдайда жоғарғы деңгейде пайдаланатын программалар сияқты *подпрограмма*, яғни, *SubVI* подпрограммасы етіп жинақтауға болады.

Бұрынғы жасалынған *VI* программаны, пайдаланып келе жатқан жоғарғы деңгейдегі программаға подпрограмма ретінде қосу үшін **Functions** политрасындағы **Select a VI** (1.37.сурет) опциясын пайдалану керек.




1.37. Select a VI опциясын пайдалану

Подпрограмманы Block Diagram терезесіндегі негізгі программаның бос жерінде тұрып, шакырып алғаннан кейін орналастыру керек. Негізгі программа подпрограмманы бірнеші рет шакыруы мүмкін. Подпрограмма болса, негізгі программаға шакырылған кезде уш бұрышты түр қабылдайды. Осы үш бұрыштың үстінде тұрып тышкаанның пернесін екі рет бассаның подпрограмма ашылады да керекті түзетулерді енгізуге мүмкіншілік береді.


Негізгі программадағы подпрограмманың сыртқы көрністерін өзгертип, оның қандай амалдарды орындағытынын анық белгілеуге болады. Мұндай белгілеулер бұл подпрограмманы тез арада анықтап, тиесілі жерлерде пайдалануды жылдамдатуға көмектеседі.

Ол үшін Front Panel панелін ашыныз. Жоғарғы он жақ бұрышта орналаскан (1.38.сурет) иконкаға барып менюді шакырыныз. Иконканың үстінде тұрып тышкаанның он пернесін бассаның болғаны иконкада меню пайда болады.



1.38. сурет


Сол менюден **Edit Icon** алаңыз да тышқанның сол пернесін бір рет бассаңыз төмендегі суретті (1.39.сурет) көресіз.



1.39. сурет

1.39.суреттегі терезедегі иконадағы суретті өзіндін полпрограмманың атына сай етіп өзгертуге болады. Ол үшін графикалық редакторлардағы колданатын әдістерді пайдалана отырып, екі санды қосу подпрограммасының атын жазыңыз.


Мысалыға, атын - «Т.Т» белгілейік те ОК басыңыз. Жоғары оң жақ бұрышта орналасқан иконканың жазуы да өзгереді. Ендігі жерде сол менюдағы Show Connector бассаңыз иконканың түрі өзгереді. Қосатын «катушка» пайда болады. Сол жерде тұрып, тышқанның оң перенін басып, менюден **Patterns** алыңыз да тышқанның пернесін басыңыз (1.40.сурет).



1.40.сурет. Подпрограмманның иконкасы

Программада екі кіру (X1 мен X2 сандары) мен бір шығу тетігі болғандықтан 1.40. суретте көрсетілінген коннекторды

тандаймыз да «катушканың» көмегімен курсорды жоғарғы төрт бұрышқа енгізіп, тышканың сол пернесін басып, оны босатпай X1 санының **Front Panel** панеліндегі мәнінің үстіне келіп пернесін бір рет басыңыз. Енді иконкадағы екінші төрт бұрыштың үстінде тұрып, тағы да тышканың сол пернесін бір рет шергіп оны босатпай панельдегі X2 санының мәнінің үстінде тұрып, тышканың пернесін тағы да бір рет шертсіз. Иконның үстіне курсорды тағы да келесі үлкен оң жакта орналаскан төрт бұрыштың үстінде тұрып, тышканың сол пернесін шертінде де оны босатпай панельдегі У-шамасының үстінде тұрып пернені тағы да бір шертініз.




1.41 сурет. Подпрограмма «Пример 1.18.vi»

Осымен біз коннекторларды бір-бірімен жалғастырдық. Иконкаға жана ат беру керек. Мысалыға, «*Пример 1.18.vi.*» «*Пример 1.18.vi.*» подпрограммасын негізгі программада колдану үшін сол программаның **Block Diagram** терезесінде тұрып, төмендегі алгоритмді орындаңыз: **Functions** » **Select a VI....** » *Пример 1.18.vi.* » **OK**. Подпрограмманың түрі 1.41 суретте көрсетілінген.

1.6. Циклды ұйымдастыру

LabVIEW де басқа программалау тілдеріндегі сиякты цикл бар. Олар **While Loop** және **For Loop** циклдары. **While Loop** және **For Loop** циклдарын ұйымдастыру үшін **Block Diagram** терезесін пайдалану қажет. **Block Diagram**


терезесінде тұрып тышқаның оң пернесін бір рет басып, келесі алгоритмді (1.42,а.сурет) орынданыз: **Functions** » **Programming** » **Structures** » **While Loop**, не болмаса, **For Loop**. Курсордың көмегімен **While Loop**, не болмаса, **For Loop** циклдарын **Block Diagram** терезесіне шығарып (1.42.сурет) орналастырыныз.



1.42.сурет

1.42,б. суретінде келтірілген мысалда, **For Loop** циклдың үйімдестеру қарастырылған. Құрастырылған виртуальды құрал (VI) 100 секундтың әрбір секундында кез – келген санды индикаторға шығарады.

While Loop циклдың үйімдестеру үшін келесі алгоритмді орындаң, яғни **Functions** » **Programming** » **Structures** » **While Loop** циклдын **Block Diagram** терезесіне шығарыныз.




1.43.сурет

Бұл циклда i - дің мәні 50 болған жағдайда цикл тоқтайды.

1.43.суретте көрсетілінгендегі объектегі температураның мәні і-дің шамасына тән деп, оны **Front Panel** терезесінде көрсетіліп отыр.

1.7. LabVIEW осциллографтар

Программалаудың негізгі мақсаттарының бірі ол нәтижелерді шығарып көрсету. LabVIEW осы мәселелер өте тез шешімдерін табады. Технологиялық процестерді басқару мен бақылаудағы нәтижелерді көрнекті етіп көрсету үшін **Controls »Graph Indicators** полигратасы (1.44.сурет) колданылады.



1.44.сурет. **Controls »Graph Indicators** полигратасы

Диаграммалар мен графиктерге шығару үшін LabVIEW арнайы құралдар колданылады. Солардың қатарына *Waveform Chart* шығару қондырығысы жатады. Технологиялық процестердің технологиялық параметрлерін бақылаганда қалқанда орналасқан өлшеу құралдарына жеткізілетіні және сол құралда параметрлердің процеске байланысты өзгерулерін арнайы қағазға жазып отыратындығы белгілі. *Waveform Chart* виртуальды құралы да осындай қызметті атқарады. Бұл виртуальды құралды **Controls »Graph Indicators** полигратасынан табуға болады.


Waveform Graphs ӨК жұмыс істеуі төмендетідей: мәліметтерді алдымен массивтерге жинап, сонан кейін графиктерді электронды кесте түрінде шыгарады. Яғни, нүктенің нөмірлерін X есі мен осы нүктенің функциясының

шамасын У өсінде көрсетеді. Бұл әдіс осциллограф құралының жұмысына сәйкестеу.

Тәжірибе кезінде алғынған мәліметтерді және модельдеу кезіндегі нәтижелерді құралдар арқылы көрсету, программалаудың ен негізгі элементтерінің біріне жататындығы белгілі. LabVIEW болса, осы мәселені шешудің ынғайлы, әрі онай механизмін ұсынады. Графиктер мен диаграммаларды көлтіретін элементтер **Graph** подпалитрасында орналасқан.

Graph подпалитрасына жету үшін келесі алгоритмді колданыныз: **Front Panel** терезесінде тұрып, тышканның он пернесін бір рет шертініз де келесі алгоритмді пайдаланыныз **Controls** » **Modern** » **Graph** (1.45.сурет).

График түзеткіш *Waveform Graphs* массив түріндегі мәліметтермен жұмыс істейді. Жұмыс істеу кезінде бірден график сызып отырады. Мұның жұмысы осциллографтың жұмысымен сәйкес деп айтуга болады. Ал, диаграмма түзеткіш *Waveform Chart* жұмыс істеу кезінде мәліметтерді жаңартып, бұрынғы графиктердің мәндеріне жана шамаларды қосып, жаңартып отырады. Бұл құралдың жұмысы шлефті осциллографтың жұмысымен бірдей деп айтуга турады.



1.45.сурет

Диаграммада осы уақытқа сай мәліметтер ағынын көруге болады.


Graph подпалитрасында (1.45.сурет) орналасқан

элементтер туралы:


- *Waveform Graphs and Chart*- бірдей қашықтықта орналасқан мәліметтердің нүктелеріне арналған графиктерді сыйз;
 - *XY Graph*- кез келген нүктелердің шамаларын көрсетеді;
 - *Intensity Graphs and Chart* – тұсті политраның көмегімен 3D мен 2D графиктерді көрсетеді;
 - *Digital Waveform Graphs*-сандар тобының шамаларын, не болмаса, мәліметтерді импульс түрінде көрсетеді;
 - *3D Graphs*-3D мәліметтерін үш өлшем кеңістігінде көрсетеді.

Кестелер түрінде келтірілген мәліметтерді график түрінде көрсету ең көп тараған әдіс. Бұл үшін *Waveform Chart* элементін колданған жen.

Waveform Chart элементтерімен жұмыс істеу үшін **Front Panel** терезесін ашып, **Graph** подпалитрасындағы *Waveform Chart* құралының үстінде тұрып, тышқанның он пернесін басып тұрып, осы құралды **Front Panel** терезесіне шығарыныз. Ендігі жерде сол құралдың үстінде тұрып, тышқанның он пернесін бассаныз (1.46.сурет) *Waveform Chart* элементтерін байқайсыз.




1.46.сурет. *Waveform Chart* элементтері



1.47.сурет. *Waveform Chart* толық түрі. 1 -Y Scale; 2- Scale Legend; 3- Plot Legend; 4- X Scale; 5- Graph Palette

Waveform Chart толық түріндегі *Plot Legend* басқару элементі өзінің өлшемдерін өзгерте алады. Оның көмегімен графиктің түрін, түсін сыртқы бейнесін өзгертуге мүмкіншілік бар.

1.48.суретте *Plot Legend* басқару элементтерінің мүмкіншіліктері көтірілген. Осы басқару элементінің мүмкіншіліктерін анықтау үшін тышқанның курсорын оның үстіне әкеліп, он пержесін бір рет шартсаныз 1.48.суреттегі көріністі байқайсыз.



1.48.сурет. *Plot Legend* басқару элементінің мүмкіншілігі


Waveform Chart толық түріндегі:

- *Graph Palette* – графикті масштабтауга және форматтауга керек;
- *Scale Legend* - өстегі белгілер мен оның масштабын

анықтауга керек;

- *X Scale* және *Y Scale* – автоматты түрінде *X* пен *Y* масштабтарын анықтайды.

Графиктердің өстериңдегі масштабтардың шамасын орнату үшін келесі алгоритмді пайдаланыныз: *Waveform Chart* үстінде тұрып, тышқанның он пернесін шертінің де пайда болған подпалитрадан **X Scale» Properties** » терініз. **Properties** үстінде тұрып, тышқанның сол пернесін шертсөніз 1.49.суреттегі *X Scale* есін форматтауга мүмкіншілік беретін кесте шыгады. Оның көмегімен шкаланың масштабын, түрін, түсін алдын ала ұсынуға болады.



1.49.сурет. *X Scale* есін форматтау

Waveform Chart көмегімен дәл сол уақыттағы графиктерді сзыгу болатындықтан, графикті ұсыну әдістерін басқаруға болады.


Жоғары суреттегі *Waveform Chart* ӨК мәліметтерді жаңартуға және қосуға осциллографтың үш түрлі жұмыс істеу тәрібі бар. Олар **Strip Chart**, **Scope Chart**, не болмаса **Sweep Chart**. Осы жұмыс істеу тәртіперінің біреуін тандау үшін, тышқанның көмегімен курсорды *Waveform Chart* ӨК үстіне әкеліп, тышқанның он пернесін басып, **Advanced» Update Mode** тергеннен кейін, керекті жұмыс істеу тәртібін тандауға болады.

Strip Chart тәртібінде экранға шыгарылатын мәліметтер солдан онға қарай үздіксіз көрсетілініп отырады.


Ал, **Scope Chart** тәртібінде болса, мәліметтер экранда солдан онға қарай жылжып көрсетіледі де график экранының он шетіне жеткен кезде тазартылып, жана мәліметтер қайтадан сол жақтан басталады.

Sweep Chart тәртібіндегі жұмыс істеу, **Scope Chart** тәртібіндегідей. Тек қана артыкшылығы экранда алғашкы және соңғы мәліметтердің графиктері бірдей шығарылып, бір бірінен кызыл сыйықпен белгілі болып көрсетіледі.

Waveform Chart осциллографының индикатор деп те айтуға болады. Оның көмегімен бір немесе бірнеше графиктерді шығарып көрсетуге мүмкіншілігі бар. Алдын ала қарастырылған массив осциллографтың экранында көрстілген кезде, X есінде - нүктелердің номірлері, ал Y есінде – сол номірдегі функцияның мәні көрсетіледі.



1.50. сурет. **Block Diagram** терезесінде **Waveform Chart** бір сәулелі осциллограф ретінде пайдалау




1.51. сурет. **Front Panel** терезесінде **Waveform Chart** бір сәулелі осциллограф ретінде пайдалау

Бастапқы нүктенің мәні нөлге тең деп қарастырылады. Бірақ **Waveform Chart** кластерлі элементтермен де жұмыс істей алады. Мұндай кезде графiktін әрбір нүктесі (1.50, 1.51. суреттер) у массивінің x аргументі мен оның Δx есімшесі арқылы интерпретацияланады.


Мәліметтерді осциллографтқа жеткізу үшін оларды алдын ала кластрге біріктіреді.

Кластер де массив сиякты мәліметтерді топтастыратын күрылым. Оның массивтерден айырмашылығы бар. Кластер болса, әртүрлі мәліметтерді, мысалыға сандық, логикалық т.б., түрлерін топтастырады. Кластерлер бір топ сымдардың жиынтығынан тұрады деп айтуда да болады. Кабельдің бойындағы әрбір сым кластердің элементін құрайды. Кластер тек кана бір «сымнан» тұратын болғандыктан, ол сымдардың санын азайтып, оған қосылғатын терминалдардың сандарын кемітеді. Мәліметтеді график пен диаграмма түрінде шығару кезінде кластерлер жі пайдаланады.

Екі сәулелі графiktің осциллограммасын шығару үшін мәліметтердің екі өлшемді массивін құрастыру керек.



1.52.сурет. **Block Diagram** терезесінде *Waveform Chart* екі сәулелі осциллограф ретінде пайдалау



1.53.сурет. **Front Panel** терезесінде *Waveform Chart* екі сәулелі осциллограф ретінде пайдалау

1.8. Қатарды ұйымдастыру

LabVIEW программалау ортасында да басқа жоғарғы деңгейдегі программалау тілдері сияқты қатарлармен жұмыс істеуге мүмкіншілік береді. Қатарлар да мәліметтердің бір түрі болғандықтан олардың да өздерінің функционалды мүмкіншіліктері бар. Яғни, индикаторлары мен басқару элементтерінің топтары бар.

Басқару элементтері мен индикаторлар басқару терезесінде орналасқан. Оны анықтау үшін төмендегі алгоритмді пайдаланыңыз: **Controls » String & Path**. Ал, функционалды элементтері болса, **Functions » String** алгоритмі алқылы табасыз.


Қатар (*string*) – қызыметтік және бейнеленетін *ASCII* белгілері. Қатар мәліметтерді файлда сактау үшін және диалогты терезелер мен текстік хабарларды құрастыруға пайдаланады. Қатар терезелердің беттерінде кесте(*tables*), текстік жолдар (*text entry boxes*) мен белгілер (*labels*) түрінде көлтіріледі.

Қатарлық реттегіштер мен индикаторлар **Controls » Text Controls** пен **Controls » Text Indicators** полиграфларында орналасқан.


Текстік мәліметтерді төмендегі көлтірілген төрт әдістердің біреуімен бейнелеуге болады. Олар төмегілер:

- **Normal Display** – қатарларда жазылған белгілер ғана бейнеленеді;
- **Codes Display** – қатарларда жазылмаған белгілердің «слэш-кодтары» бейнеленеді;
- **Password Display** – қатарда барлық белгілер жүлдізша (*****) бейнеле nedі;
- **Hex Display** – қатарда белгілердің орнына олардың ASCII кодтары бейнеленеді.

Екі қатарды қосатын қаралайым мысал көлтірейік. Ол үшін **Front Panel** терезесінде тұрып келесі алгоритмді тереміз: **Controls » String & Path » String Control** (1.54.сурет) терезе бетіне тышқанның көмегімен шығарыңыз. Осы алгоритмді пайдаланып тағы да осындай қатарды терезе бетіне шығарыңыз.




1.54.сурет



1.55.сурет


Ендігі жерде тексттік индикаторды Front Panel терезесін шыгару керек. Ол ушін келесі алгоритмді пайдаланыңыз: **Controls** » **String & Path** » **String Indicator** (1.55.сурет). Кортынды мәліметтерді шыгару String Indicator – ті терезеге шыгарғаннан кейін, олардың аттарын «Ерінгі қатар», «Екінші қатар» және «Кортынды» деп белгіле болған соң Block Diagram терезесіне көшіңіз.




1.56.сурет

Екі катарды қосатын пикторограмма функциясын **Concatenate Strings** (1.56.сурет) **Block Diagram** терезесіне шығарып, оларды бір-біріне 1.57. суретте көрсетілінгендей етіп қосыныз. Ол үшін тәмендегі алгоритмді пайдаланыңыз: **Functions » String » Concatenate Strings**.

«Бірінші қатарға» «Azat+», «Екінші қатарға» «Sultan» деп мәліметті енгізіп, программаны іске коссақ, 1.58.суреттегі «Көртындының» **Front Panel** терезесінен байқаңыз.



1.57.сурет



1.58.сурет

Енді және қаралайым бір программаны жазайық. Осы программаның көмегімен «Парольді» пайдалануды менгерейік. «Парольді» дұрыс енгізгенде жасыла шам, «Парольді» кате енгізген кезде қызыл шам жанатын болсын. Осы программаны жазайық.

Controls » String & Path » String Control алгоритмін

пайдаланып, **String Control Front Panel** терезесіне шығарамыз да оның атын «Катарлар» деп атайды. «Катарлардың» сипаттамаларын езгерту керек. Ол үшін тышканың он пернесін бір рет шертіп, менюден *Password Display* опциясын таңдаймыз.



1.59.сурет


Controls » **Boolean** » **Round Led** алгоритмін пайдаланып, овалъ тәрізді индикаторды (1.59.сурет) терезеге шығарамыз да тышканың оң пернесін шертіп, менюді шығарып, ондағы *Visible Items* пунктіндегі Label-ден белгіні алып тастап, *Boolean Text* – ке белгі салыныз.

Индикатордың өлшемін езгертіп, овалъ тәрізді шамға айналдырыныз. «Дұрыс» жауап болғанда шамның түсі *кекшіл* болып жанатын болады. Ол үшін «Парольді» «1947» деп езгертіп, программаны жұмысқа қосып, шамның түсін кекшіл түске езгертиңіз. Шамды кекшіл түске езгерту үшін Tools палитрасына кіріп, түс езгертертін бөлігін, тышканың он пернесін шерту арқылы жұмысқа қосу керек. Ендігі жерде курсорды шамның үстіне әкелсеніз, керекті түстер пайда болады. Оның ішінен «*кекшіл*» түсті таңдағаннан кейін, тышканың сол пернесін бір шертсөніз болғаны, шамның түсі *кекшіл* болып езгереді.

Программаны жұмысқа қосыныз. 1.59.a.суретте көрсетілінгендей «Дұрыс» пароль енгізгендегі кейін шамның түсі кекшіл болып жанады.

«Парольдін» мәнін қате енгізейік. Ол үшін «194» енгізініз. Шамның кекшіл түсін «*қызыл*» түске езгерту қажет. Ол үшін жоғарыда қарастырылған әдісті пайдаланыңыз да программаны

жіберсөніз шам қызыл түске өзгереді (1.59.б.сурет).



1.60.сурет

Block Diagram терезесіндегі программа 1.60.сурете келтірілген.

1.9. Массивтерді ұйымдастыру


Мәліметтерді өндөу кезінде массивтермен жиі жұмыс істеуге тұра келеді.

Массив (Array) дегеніміз бір типті шамалардың жиынтығы. Олардың өлшемдері әр түрлі болуы мүмкін. Мысалыға, бір өлшемді массивтер тек сандардың жиынтығынан тұрса, ал, екі өлшемді массивтер болса, сол сандардың кестелерінен тұрады. Массивтегі элементтерінің саны 1 мен 231 аралығында жатады. Сол элементтердің әркайсысын таңдау тек индекстері арқылы атқарылады. Ал, массивтің индекстері болса, 0 басталып, 1-пяяқталады. Массивтің бірінші элементінің индексі 0 де, екінші элементтің индексі 1 тең т.б.

Массивтерді numeric, Boolean, path, string, waveform және cluster түрлерінен де құрастыруға болады. Массивтің әрбір элементтің номірлері болады. Ол номірлер болса, нөлден басталады.

LabView ортасында массивпен жұмыс істеу екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең болса, келесі алгоритмінен басталып, Controls » Modern » Array, Matrix & Cluster (1.61.сурет), Front


Panel терезесінде массив дайындалады. Бұл кезде, әлі массивтің элементтері мен өшшемдері анықталынбаған.



1.61.сурет


Ендігі жерде массивтің элементтерін Numeric түрлеріне сәйкес оларды басқару элементтері, яғни, кіретін массивтің элементтері ретінде, не болмаса, индикатор, яғни, шығатын массивтің элементтері ретінде өрнектелінеді.

Front Panel терезесінде дайындалынған массивтің элементтерінің үстінде тұрып, тышканың он пернесін басып, келесі алгоритмді терініз: Controls » Modern » Numeric » Numeric Control (1.62.сурет). Numeric Control элементінің үстінде тұрып, тышканың сол пернесін басып, оны босатпай, дайындалынған массивтің элементтерінің үстіне әкеліп орналастырыңыз. Осыдан бастап дайындалынған массив басқару элементтеріне, яғни, кіретін массивтің элементтерін күрайды.



1.62.сурет

Массивтің элементтерін индикатор ретінде көрсету үшін келесі алгоритмді орындаңыз: **Controls » Modern » Numeric » Numeric Indicator** (1.63.сурет).




1.63.сурет

Тышқанның курсорын **Numeric Indicator** (1.63.сурет) элементінің үстіне орналастырыңыз да тышқанның сол пернесін басып, оны босатпай, шығатын массивтің элементтерінің үстіне әкеліп орналастырыңыз. Осыдан бастап дайындалынған массив индикатор ретінде, яғни, шығатын массивтің элементтері ретінде карастырылады.

Корыта келгенде, массив ретінде **катарлық**, **сандық** және **Boolean** элементтерін енгізуге, әрі шығаруға болатындығы айқындалды.

Array Controls және **Indicators** массивтерін ұйымдастыру үшін келесі алгоритмді пайдаланыңыз:

Controls » Modern » Array, Matrix & Cluster » Array – алгоритмін пайдаланып, массивті курсордың көмегімен **Front Panel** терезесіне көшіріңіз (1.64.сурет).




1.64.сурет. 1 – массивтің индексі; 2 – массивтің элементтері

Массивтің өлшемдерін өзгерту үшін индекске курсорды әкеліп, тышқаның оң пернесін бір рет басып, менюден "Add Dimension" таңдаپ, тышқанын пернесін басыныз, не болмаса, курсормен созып та өлшемін өзгертуге болады. Массивтің элементтерінің өлшемдерін өзгерту үшін де тышқанды пайдалану кажет. Ол үшін тышқаның курсорын массивтің элементтерінің оң шетінде тұрып, тышқан арқылы тартып, өлшемдерін өзгертуге болады.


Сонымен массивтер бір өлшемді (1D), екі өлшемді (2D) және көп өлшемді массивтер болып бөлінеді.

№1 мысалы: Екі өлшемді X-массивін косудың LabVIEW ортасындағы Block Diagram (1.65.сурет,а) және Front Panel (1.65.сурет,б) терезелеріндегі программаларының көрінісі келтірілген.



1.65.сурет


№2 мысалы: Екі өлшемді X пен Y массивтерін бір бірімен қосудың LabVIEW ортасындағы Block Diagram (1.66.сурет,а) және Front Panel (1.66.сурет,б) терезелеріндегі программалары көлтірлген.



1.66.сурет

1.9.1. Массивтердің индекстерін автоматтаңдыру

Тұрақты итерациялық саны бар циклдің және шартты итерациялық циклдердің көмегімен массивтердің шекараларында бір жана элементтерді әр цикла қосудың нәтижесінде автоматты индекстейтін массивтерді құрастырып, оларды сақтауға болады. Мұндай әдісті автоиндекстеу (*auto-indexing*) деп атайды.




1.67.сурет

Тұракты бес элементті бар $[0,1,2,3,4]$ бір өлшемді A массивін кұрастыруға арналған LabVIEW ортасындағы Block Diagram (1.67.сурет,а) және Front Panel (1.67.сурет,б) терезелеріндегі программаларына мысал келтірейік. Мұндағы A – массиві индикатордың рөлін аткарады. Цикл 1 – дең басталып 5-пен аяқталады да кездейсок санды шыгаратын ØК көмегімен әр итерацияда, автоматты түрінде бір элементті түзеп, A массивінің элементтерін толығымен кұрастырып болғаннан кейін шекардан шыгарып, индикаторлық массивке жазады.

Автоиндекстеу массивті циклге енгізу (1.68.сурет,а,б) кезінде де қолданылуы мүмкін.

Егер индекстеу жұмысқа қосылған болса (1.68.сурет) онда әрбір итерация кезінде массивтің келесі индексіне көшеді.




1.68.сурет

Индекстеу жұмысқа қосылмаған (**Disable Indexing**) жағдайда (1.69.сурет,а,б) массивтің ең соңғы элементті ғана индикаторға беріледі. Индекстеуді жұмыстан шыгару үшін курсорды циклдің (1.69.сурет,а) шекарасындағы төртбұрышка әкеліп, тышқаннан он пернесін басып тұрып, **Disable Indexing** тандаганнан кейін ғана индекстеу жұмысқа қосылмайды.

Екі өлшемді массивті кұрастыруды қарастырайық. Кестені шакыру керек. Мына алгоритмді пайдаланыныз:

- **Controls » Modern » List & Table.**

Кестені Front Panel терезесіне шыгарыныз да *синустық, сосинустық* және *шуды шыгаратын* өлшеу құралдарын да Front Panel терезесіне шыгарыныз.




1.69.сүрет

Ол үшін келесі алгоритмді (170.сүрет) пайдалануға болады:

- **Functions » Signal Processing » Signal Generation » Sine Pattern. vi.**

Осы алгоритмнің көмегімен синустық және косинустық сигналдарды алатын болсақ сонымен катар осы алгоритмді пайдаланып, оған келесі езгертулер енгізек шуды шығаратын ОК Front Panel терезесіне шыгара аламыз. Оның алгоритмі төмендегідей:

- **Functions » Signal Processing » Signal Generation » Uniform White Noise. vi.**




1.70.сүрет

Үш сигналдарды массив ретінде өндеп, кестеге шығару үшін келесі алгоритмді пайдаланамыз.


Functions » Programming » Array » Build Array

алгоритмін (1.71.сурет) пайдаланып, аналогты сигналды массивке түрлендіру үшін **Build Array** ӨК **Block Diagram** терезесіне (1.72.сурет) шығарамыз.




1.71.сурет

Бұл уш сигналды **Waveform Graph** ӨК шығарамыз. Сонымен катар бұл сигналдарды сандық массивке түрлендіріп, **Build Table** ӨК **Table** кестеге бейнелеу құралының көмегімен **Front Panel** терезесінде (1.73.сурет) көрүімізге болады.



1.72.сурет

LabVIEW массивтермен жұмыс істегендегі олардың негізгі функцияларына көніл белген жөн. Сондықтан да төменде негізгі деңгээлдердің функцияларын карастырамыз. Ол массивтердің келесі полиграфикалық табуға болады.



1.73.сурет

Functions » Programming » Array:



- **Array Size** - массивтегі элементтер санын кайтарады.
- Егер массив көп өлшемді болса, онда функцияның нәтижесі, яғни, массивтегі элементтердің саны оның өлшеміне тең болады. Мысалыга бір өлшемді массив [1,6,5,3,4] үшін, осы функцияны қолданудың салдарынан, нәтиженің мәні 5 санына тең;



- **InitializeArray** - **element** терминалының аныктауының нәтижесінде, әр өлшемге керекті элементтер саны бар және оны мәндерімен толтыратын массивтерді кұрастырады;



- **Array Subset** - **index** терминалы аныктайтын белгін және ұзындығын **length** терминалы аныктайтын массивтің белгін кайтарады. Мысалыга, егер осы функцияны аргументтері **index=1** мен **length=2** тең [1,6,5,3,4] массивіне қолданатын болсак, оның нәтижесі [6,5] массивіне тең болар еді;



- **Build Array** - осы функцияның көмегімен массивке элементтерді косуға болады. Бірнеше массивтерден өлшемі үлкен массив кұрастыруға болады. Екі массивті косып және сол өлшемдегі массивті алу үшін, тышқанның он пернесін шертіп, контекстегі менюден "Concatenate Inputs" таңдау керек;


- **Index Array** -  көрсетілінген нөмірге сай массивтің элементтерін қайтарады. Мысалыға, [1,6,5,3,4] массивінен функцияның аргументі 2 тен болғанда, 5 санын қайтарады.

Functions » Express » Arithmetic & Comparison » Express Numeric полиграсында орналаскан функциялар полиморфты. Ол дегеніміз осы функциялардың кіру нүктесіне мәліметтердің әр түрлі мәндерін енгізуге болады деген сез. Яғни мәліметтердің скалярлық мәндерінен басқа массивтерді де енгізуге болады. Мысалыға, *add* функциясының көмегімен екі массивті, же болмаса, массив пен скалярлы шамаларды қосуға болады. [1,3,2] массиві мен 2 санын қосатын болсак, [3,5,4] массивін аламыз. [1,3,2] мен [3,5,4] массивтерін қосатын болсак, [4,8,6] массивін аламыз.


Егер массивтердің өлшемдері бір – біріне тең болмаған жағдайда, мысалыға [3,1,2,3] массиві мен [1,2,1] массивін қосатын болсак, өлшемі аз массивке сай [4,3,3] массивті аламыз.

Массивтермен жұмыс істеу үшін бірнеше мысалдарды келтірейік.

Бірінші мысал. Массивтің өлшемін анықтаңыз.



a)




б)

1.74.сурет

A – массивінің элементтер (1.74.сурет) саны бұға тең.

Екінші мысалы. n - өлшемді массив құрастырыныз.




1.75.сурет

1.75.суретте

көрсетілінгендей А – массивінің элементтерінің санын алдын ала анықтап алғып, мысалыға элементтеріннұн саны 2 тен деңгелсак (1.75.сурет, а), массивтің екі элементтерінің ғана шамалары көрсетілінеді.

Үшінші мысалы. Алғашқы А – массивінің индексте көрсетілінген жерінен бастап элементтерді, мысалыға, элементті, енгізіңіз.



1.76.сурет


1.76.суретте келтірілгендей А – массивінің төртінші элементтінің мәнін -5 енгізуі мисал ретінде көрсетілінген. А – массиві алғашқыда уш элементтен [3,1,-2] тұратын болғандыктан шарт бойынша тағыда бір элемент енгізу керек болды. Ол төртінші элементтің (1.75.сурет) индексі 3 тен де

шамасы -5 тең.

Төртінші мысалы. А – массивінің максимум мен минимум мәндерін анықтаңыз.

1.77.суретте келтірілген мысалда А-массивінің максимум мен минимум мәндерін анықтаудың Front Panel мен Block Diagram терезелеріндегі программалары көрсетілінген.

А- массиві бір өлшемді және көп өлшемді болып келуі мүмкін. Массивтің максимум (max value) мен минимум (min value) мәндінің түрлері мен құрамдары алғашқы массивке ұксас келеді. Сонымен катар массивтің максимум мәнінің индексі сол массивтің бірінші максимум мәніне сәйкес келеді. Егер массив көп өлшемді болса, онда максимум мәнінің индексі (max index) массив болады да бірінші максимум мәнінің индексіне сәйкес болады.



1.77.сурет


Массивтің минимум мәні де осы максимум мәнді анықтағандай әдіспен анықталынады.

1.10. Логикалық функциялар

Логикалық функциялар қаралайым логикалық шамалар мен олардың массивтерімен логикалық операциялар жүргізуге қолданылады.

Логикалық функциялар И (And), ИЛИ (Or), Шығарушы ИЛИ (Exclusive Or), НЕ (Not), И-НЕ (Not And), ИЛИ-НЕ (Not Or), Шығарушы ИЛИ-НЕ (Not Exclusive Or), Шығару (Implies) полиморфты.

Бұл функциялардың екі кіру нүктелері де бірдей логикалық, не болмаса, сандық мәндерге не болуары кажет. Ол мәндердің шамалары скалярлар, массивтер және кластерлер болуы мүмкін.



1.78.сурет


Boolean полиграсын аныттау үшін **Block Diagram** терезесін ашыңыз да келесі алгоритммен керекті пернелерді шертініз:

- **Functions » Programming » Boolean.**

Логикалық операциялар жүргізетін палитра **Block Diagram** терезесіне (1.78.сурет) шығады.

И (And) логикалық функциясын қосу вариантына мысалдар келтірейік:

Бірінші мысалы: И (And) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне логикалық ШЫН мәнін енгізіңіз.




1.79.сурет

И (And) логикалық функциясының екі бірдей кіру нүктесіне логикалық ШЫН мәнді беретін (1.79.сурет, а) болсақ, онда

ШЫН мән қайтарылады. ШЫН мәнінің қайтарылғанын Front Panel терезесіндегі индикатордың (1.79.сурет, б) жаңғанынан байқауға болады. Егер И (And) логикалық функциясының кіру нүктелеріне логикалық ШЫН және ЖАЛҒАН мәндерді беретін болсақ, онда Front Panel терезесіндегі индикатор жаңбайды.


Екінші мысалы: И (And) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне сандық скалярлы мәндерді енгізіңіз.



1.80.сурет

И (And) логикалық функциясының екі бірдей кіру нүктесіне сандық скалярлы мәндерді (1.80.сурет, а, б) енгізетін болсақ, онда оның шығу нүктесінде-Индикаторға ШЫН мәні шығады.


Үйінші мысалы: И (And) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне сандық массивтің мәндерін енгізіңіз.




1.81.сурет

И (And) логикалық функциясының екі бірдей кіру нүктесіне сандық массивтердің мәндерін (1.81.сурет,а,б) енгізетін болсақ, онда оның шығу нүктесінде массив-Индикаторға ШЫН мәні шығады.

Төртінші мысалы: **ИЛИ** (Ог-немесе) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне ЖАЛГАН мәндерін енгізіңіз.



1.82.сурет




1.83.сурет

ИЛИ (Ог-немесе) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне

ЖАЛҒАН мәндерін енгізсөніз (1.82.сурет), Индикатор **ЖАЛҒАН** мәнді көрсетеді. Индикатор жанбайды.

Егер **ИЛИ** (Ог-немесе) функциясының тек бір кіру нүктесіне ғана **ЖАЛҒАН** мәнін енгізетін (1.83.сурет) болсақ, онда Индикатор жаңып, **ШЫН** мәнді көрсетеді.

Бесінші мысалы: **Шыгарушы ИЛИ** (Exclusive Or - Шыгарушы-немесе) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне **ШЫН** мәндерін енгізіңіз.




1.84.сурет

Шыгарушы ИЛИ (Exclusive Or - Шыгарушы-немесе) функциясының екі бірдей кіру нүктесіне (1.84.сурет,б) **ШЫН**, не болмас **ЖАЛҒАН** мәндерін енгізсөніз, Индикатор жанбайды, **ЖАЛҒАН** екендігін білдіреді.


Алтынны мысалы: **Шыгарушы ИЛИ** (Exclusive Or - Шыгарушы-немесе) функциясының бір кіру нүктесіне **ШЫН**, екінші кіру нүктесіне **ЖАЛҒАН** енгізіңіз.

Индикатор жаңу үшін, яғни **ШЫН** болуа үшін **Шыгарушы ИЛИ** (Exclusive Or - Шыгарушы-немесе) функциясының бір кіру нүктесіне **ШЫН**, екінші кіру нүктесіне **ЖАЛҒАН** (1.85.сурет) енгізсе болғаны.




1.85.сүрөт

Жетінші мысалы: НЕ (Not) логикалық функцияның кіру нүктесіне ШЫН мәнін енгізіңіз.



1.86.сүрөт


НЕ (Not) логикалық функцияның кіру нүктесіне ШЫН мәнді енгизетін (1.86.сурет) болсақ, Индикатор жабайды, ЖАЛҒАН екендігін білдіреді.



1.87.сурет

Егер **НЕ** (Not) логикалық функцияның кіру нүктесіне **ЖАЛГАН** мәнді енгізетін (1.87.сурет) болсақ, Индикатор жаңып, **ШЫН** екендігін білдіреді.


Сергінші мұсалы: И-НЕ (Not And) логикалық функцияның екі кіру нүктесіне де ШЫН мәнді енгізініз.



1.88.сурет

Егер **И-НЕ** (Not And) логикалық функцияның екі кіру нүктесіне де **ШЫН** мәнді енгізсөніз ғана шығу нүктесінде қызыл (1.88.сурет) жаңып, **ЖАЛГАН** мәнді көрсетеді. Басқа жағжайларда **ШЫН** деген мәнді көрсетеді.

Төгізілінген мысалы: **ИЛИ-НЕ** (Not Or) логикалық функцияның екі кіру нүктесіне ЖАЛҒАН мәнді енгізіңіз.



1.89.сурет


Егер **ИЛИ-НЕ** (Not Or) логикалық функцияның екі кіру нүктесіне де ЖАЛҒАН мәнді енгізсеңіз ғана шығу нүктесінде ШЫН мәнді көрсетеді де калған жағдайларда (1.89.сурет) ЖАЛҒАН мәніне ие болады.

1.11. Салыстыру функциялары

Технологиялық процестеді басқаруда салыстыру функциялары ерекше орын алады. Объектердеге технологиялық процестердің жүруі кезінде өндірілетін өнімдердің сапасын арттыру үшін, технологиялық параметрлерді керекті деңгейде негізгі параметрлермен салыстыра отырып, реттеу мен бақылау казіргі кезеңде негізгі мәселелердің бірі болып есептелінеді.

Салыстыру функциялары болса, әртүрлі скалярлы, векторлы айнымалы шамалар мен тұрактылардың арасындағы қатынастарды тексеруге мүмкіншілік береді. Тексеру кезінде айнымалы шамалардың тұрактылардың бір біріне тең, тең емес, артық, кем, не болмаса, нөлден көп, нөлден аз екендіктерін тексере алады.

Нәтижесінде өндірілген өнімдердің көлемдерінің көрсетілген



1.90.cypet

Салыстыру функциясының політрасына (1.90.сүрет) шығу үшін келесі алгоритмді ұсынамыз: **Functions** » **Programming** » **Comparison**.

Салыстыру функцияларының қысқаша сипаттамаларын көлтірейік:

-  - осы функцияның көмегімен скалярлық массивтерді, кластерлі тұрктыны, логикалық, сандық айнымалыларды салыстыруға болады. Функцияның екі кіру нүктесіндегі X пен Y мәндері бір біріне тең болған жағдайда оның шығу нүктесіндегі мән ШЫН болады. Басқа жағдайларда шығу нүктесіндегі мән ЖАЛҒАН.
 -  - функцияның екі кіру нүктесіндегі X пен Y мәндері бір біріне тең болмаган жағдайдағанда оның шығу нүктесіндегі мән ШЫН болады. Басқа жағдайларда шығу нүктесіндегі мән ЖАЛҒАН.
 -  - функцияның шығу нүктесіндегі мән ШЫН болады, егер X мәні Y мәнінен артық болса. Басқа жағдайларда ЖАЛҒАН.
 -  - функцияның шығу нүктесіндегі мән ШЫН

болады, егер X мәні Y мәнінен артық, не болмаса тен болса. Басқа жағдайларда ЖАЛҒАН.



■ - функцияның шығу нүктесіндегі мән ШЫН болады, егер X мәні 0 тен болса. Басқа жағдайларда ЖАЛҒАН.



■ - функцияның шығу нүктесіндегі мән ШЫН болады, егер X мәні 0 артық болса. Басқа жағдайларда ЖАЛҒАН.



■ - функцияның шығу нүктесіндегі мән ШЫН болады, егер X мәні 0 артық, не болмаса тен болса. Басқа жағдайларда ЖАЛҒАН.



■ - функцияның S кіру нүктесінің күйіне байланысты, кіру нүктесіндегі t , не болмаса, f мәндерін қайтарады. Егер S нүктесіндегі мән ШЫН болса, онда функция t кіру нүктесіндегі мәнді қайтарады. Егер S нүктесіндегі мән ЖАЛҒАН болса, онда функция f кіру нүктесіндегі мәнді қайтарады. Функция полиморфты.



■ - функция X пен Y салыстырып, жоғарғы шығу нүктесіне артық мәнді, кем мәнді тәменгі шығу нүктелеріне шығарады. Сонымен қатар бұл функция уақыттың шамаларын да салыстырады. Жоғарғы шығу нүктесіне кеш мәндерді, ал тәменгі шығу нүктесіне ерте мәндерді шығарады. Функция полиморфты.



■ - функция X мәнінің белгілі аралықта болуын анықтайды. Егер X мәні кіру нүктелерінің жоғарғы шегі (upper limit) мен тәменгі шегі (lower limit) аралығында жататын болса, онда шығу нүктесіндегі мән ШЫН.




■ - функцияға кіру белгісі (char) ондық сан болса, шығатын мән ШЫН. Басқа жағдайларда ЖАЛҒАН.



■ - олшеу куралы. Кіру нүктесіне келетін мәліметтерді бір біріне тен, не болмаса тен еместігін қарастырады.


Мысалы. X пен Y сандарын салыстырыңыз.



а) б)

1.91.сурет

X саны мен Y санын саластырудың нәтижесінде (1.91.сурет), X пен Y саны бір біріне тең болғандықтан шығу нүктесінде жасыл Индикатор жаңып, мәннің ШЫН екендігін көрсетеді.



а) б)

1.92.сурет

X пен Y саны бір біріне тең болмаған (1.92.сурет) жағдайда, шығу нүктесінде қызыл Индикатор жаңып, мәннің ЖАЛҒАН екендігін көрсетеді.

1.12. Түрлөрі әртүрлі сигналдарды алу

Блок – диаграммадағы (Block Diagram) сигналды модельдейтін (1.93.сурет) **Simulate Signal** экспресс ӨК келтірілген. Бастапқы кезде бұл экспресс ӨК синусоидалық сигналды шығарады. Басқа түрлі сигналдарды модельдеу үшін темендеңгідей жұмыстарды атқару керек.


1. Тышқанның оң жақ пернесін басу арқылы блок – диаграммадан (1.93.сурет) **Simulate Signal** экспресс ӨК табыныз. Блок – диаграммадағы экспресс ӨК көмегімен стандартты өлшеу тапсырмаларын құрастырылады. Сондыктан да **Simulate Signal** экспресс ӨК арқылы керекті формадағы сигналдарды модельдеуге болады.



1.93. сурет. **Simulate Signal** экспресс ӨК

2. **Simulate Signal** экспресс ӨК тышқанның оң пернесін басып, менюден **Properties** (сипаттамасы) таңдаңыз да **Configure Simulate Signal** (модельдейтін сигналды баптау) терезесіне көшініз. Не болмаса, **Configure Simulate Signal** (модельдейтін сигналды баптау) терезесіне көшу үшін, **Simulate Signal** экспресс өлшеу куралында тышқанның оң пернесін екі рет бассаныз болғаны.

3. **Signal type** (сигналдың түрі) менюінен **Sawtooth** (ара тәрізді сигнал) таңдаңыз. 1.94. суретте көрсетілінгендей, **Configure Simulate Signal** (модельдейтін сигналды баптау) диалогты терезесінің алдын ала білу бөліміндегі сигналдың формасы келтірілген



1.94. сурет. **Configure Simulate Signal** диалогты терезесі

4. **Configure Simulate Signal** диалогты терезесін жабу және баптаудың мәндерін сактау үшін **OK** пернесін басыныз.

5. **Simulate Signal** экспресс **OK** шекарасына курсорды жақындастырыңыз екі бағытты көрсететін бағыттауыш пайда болады. Бұл дегеніміз **OK** жасырын кіру мен шығу тетіктерінің барлығын көрсетеді. Оны көру үшін **OK** шекарасын тартып кеңейтсе болғаны.

6. Екі бағытты көрсететін бағыттауыш пайда бола салысымен **OK** төменгі шекарасын төмен қарай екі катар пайда болғанша кеңейтініз. Сол кезде **Amplitude** (амплитуда) деген кіру тетігі пайда болады. Ендігі мәселе, ара тәрізді сигналдың амплитудасының шамасын реттеу болады.


1.13. Блок диаграммадағы объектерді бір біріне қосу

Айналатын тұтқаны пайдаланып, **Simulate Signal** экспресс **OK** амплитудасының шамсын взертту үшін, оның **Amplitude** (амплитуда) кіру нұктесімен айналатын тұтқаның шығу нұктесін сым арқылы қосу керек.

Ол үшін:

1. Блок-диаграммадағы басқару элементі **Knob** (айналатын тұтқа) курсорды 1.95.,а суретте көрсетілгендей етіп жақындастырыңыз да блок-диаграмманың бос жеріне әкеліп пернені бассаныз болғаны.

2. Курсорды, 1.95.,б суреттегі көрсетілгендей, катушка түріне келтіріп, **Knob** (айналатын тұтқа) үстіне әкеліп, басқа объекттермен қосуға болады.



1.95.сурет

3. Басқа объектпен қосу катушкасы пайда болғанда **Knob** (айналатын тұтқа) үстінде тұрып тышқанның сол пернесін басып, **Simulate Signal** экспресс ӨК (1.95.сурет,в) амплитудасын көрсететін кіру нұктесімен сым арықұлы қосыныз.

4. **File » Save** (Файл » Сактау) менюін пайдаланып, *TAU-1.vi* атпен сактаңыз.

1.14. Сигналдарды түлендіру


Simulate Signal экспресс ӨК амплитудасының шамсын 10 есеге өзгертіп, нәтижесін график түрінде тұтынуышылар интерфейсіне (панельдін бетінде) шығару керек болған жағдайда:

1. Менюден **View » Functions Palette** (Вид » Функция палитрасы) теріңіз. **Функция** политрасы **Express** подпалитрасымен бірге ашылады.

2. Блок –диаграммасына кіріп, тышқанның оң пернесін бір рет басып **Functions** политрасын ашыңыз да **Mathematics » Scripts & Formulas » Formula** политрасынан **Formula** (Формула) экспресс ӨК (1.96.сурет.,а) таңдап алып, **Simulate Signal** экспресс ӨК (1.96.сурет.,б) кейін, блок-диаграмма бетіне орналастырып, 1.97.суретте көрсетілгендей етіп бір - біріне қосыңыз. Сонда автоматты тұрде **Configure Formula** (Формулларды баптау) диалогты терезесі пайда болады.

3.Қосу үшін **Simulate Signal** экспресс ӨК үстінде тұрып тышқанның сол пернесін екі рет басу керек. Сол кезде **Configure Simulate Signal [Simulate Signal]** терезесі пайда болады . Оның комегімен сигналдың параметрлерін және ол сигналдың атын


өзгертуге болады. Терезедегі **Signal Name** кіріп сигналдың атын «ТАҮ» деп атайды та ОК бассақ сигналдың аты өзгереді.



1.96. сурет. Функция полиграфы


4. Тура осындай жұмысты **Formula** (Формула) экспресс ОК де жүргіземіз. Ол үшін ОК үстінде тұрып тышканның пернесін екі рет басыныз. Сонда **Configure Formula** (Формулаларды балтау) диалогты терезесі пайда болады. Ондағы *Label* текст жазылатын жердегі *X* «ТАҮ» өзертіп, ОК басыныз.

5. «ТАҮ» сөзден кейін *10 көбейтіп жазып, ОК басыныз. **Formula** (Формула) экспресс ОК өзіне келіп түсетін сигналды 10 көбейтеді.



1.97.сурет 1.97.сурет


Configure Formula (Формуланы баптау диалогты) терезесін 1.98.суреттөн байқауға болады.



1.98.сурет. Configure Formula диалогты терезесі

6. Tools Palette кіріп, курсорды «катушкаға» өзгертіп, Simulate Signal экспресс ӨК мен Formula (Формула) экспресс ӨК косының (1.99.сурет.,а). Front Panel трезесінде амплитудасы 10 есе арткан сигналды көрүге болады.






1.99.сурет.а)- блок-диаграмма; б)- тұтынушылардың интерфейсі (Front Panel)


7. 1.99. суреттегі графикалық алғашқы программаны сактау үшін меню **File** » **Save** (Файл » Сақтау) шақырып, жазыныз. Ол үшін файлдың атын *TAU-2.vi* деп жазыныз.

Графикалық алғашқы программаны цикл арқылы істету үшін блок-диаграммада (Block Diagram) кіріп, оның бос жерінде тышкарнаның оң пернесін бір рет басыныз. Сонаң соң, төмендегі жолмен (1.100.сурет), **Functions** » **Express** » **Execution Control** » **While Loop** циклді алып, оған блок-диаграммадағы программаны енгізіңіз.



1.100.сурет

Бесшын. Ресмида (Форумда) жарияланған жаңа тема сүрткін сұхының 10 жағынан




1.101.сурет. Циклді пайдаланып сигналдарды түрлендіру ӨК блок диаграммасы мен тұтынушылардың интерфейсі (Front Panel)

1.15. Екі сигналды қосу


Бір графикте екі сигналды қосып көрсету үшін жоғарыдағы **Simulate Signal** ӨК мен **Formula** экспресс ӨК шығатын сигналдарды пайдаланайык.

Ол үшін төмендегі алгоритмді (1.102.сурет.,а) **Functions** »**Express** »**Signal Manipulation** » **Merge Signals** пайдалана отырып, 1.101.суреттегі программаға толықтырулар енгізейік.



а)

Екі сигналды қосып көрсету үшін **Merge Signals** ӨК деңгээлде жаңалықтар мен тұтынушылардың интерфейсінде орналасқан. Оның функциясынан әзірлеуде әртүрлі түрлердегі сигналдардың аналогиумын жөндерді. Тәрбиесе (1.104.сурет) **Formula** экспресс ӨК 10 есес нүхелілікке сигнал мен **Simulate**




б)

1.102.сурет. **Merge Signals** полиграсының анықтау алгоритмдері

Алгоритмнің екінші жолы ол 1.102.сурет.,б, келтірілген. Бұл алгоритмнің жұмыс істүі үшін блок-диаграммадағы **Simulate Signal** ӨК шығу нұктесіне катушканы жақындастақ болғаны **Signal Manipulation Palette** » **Merge Signals** байқауға болады.


1. Блок-диаграмманың бос жерінде курсордың оң пернесін бір рет басыныз.
2. 1.102 суреттегі,а,б, алгоритмдердің біреуін пайдалана отырып, **Merge Signals** қосу құралын блок-диаграмма терезесіне орналастырыныз.
3. **Simulate Signal** ӨК «*Ават*» деген шығу нұктесі мен **Formula** экспресс ӨК «*Result*» шығу нұктелерін «катушканың» көмегімен **Merge Signals** қосу құралының кіру нұктелерімен қосыныз.
4. **Merge Signals** қосу құралының шығ нұктесінен екі сигнал шығады оны «*катушканың*» көмегімен **Waveform Graph** – осциллографка жеткізіңіз.



1.103.сурет. **Merge Signals** функциясын пайдаланып, екі сигналды қосудың блок-диаграммасы

